

**«Музей - связующая нить поколений» мектеп мұражайларының
облыстық қашықтық конкурсының
ережесі**

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл Ереже (әрі қарай - Конкурс) Қазақстан тарихындағы өңірдің маңызды уақиғаларын бейнелеу бойынша Павлодар облысының мектеп мұражайларының жұмысы мен жаңа экспозицияларды үздік ресімдеу конкурсын өткізудің тәртібін белгілейді.

1.2. Конкурс Павлодар облысының білім беру мекемелерінің мұражайлары арасында өткізіледі.

1.3. Конкурстың ұйымдастырушысы – М.М. Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайының әдістемелік бөлімі.

2. Конкурстың мақсаты

Конкурс оқушылар мен жастардың азаматтық тәрбиесін жетілдіру және дамыту мақсатында өткізіледі және мектеп мұражайының рөлін арттыруға бағытталған:

- тарихи сананы қалыптастыру;
- жастардың рухани-адамгершілік, патриоттық және азаматтық тәрбиесі;
- педагогикалық ұжымдардың шығармашылық жұмысын дамыту;
- мұражай педагогикасының заманауи жетістіктерінің негізінде азаматтық айқын ұстанымы бар шығармашылықты, ынташыл тұлғаны қалыптастыру.

3. Конкурстың міндеттері

3.1. Оқушылардың азаматтық және тарихи-мәдениеттік білімі, патриоттық тәрбиесінде педагогтердің мұражайларды безендіру және тиімді пайдалану бойынша озық тәжірибесін анықтау және тарату.

3.2. Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын сақтау, оқушылардың азаматтық-патриоттық тәрбиесі және тарихи білімді жаңарту бойынша жұмысты жетілдіру.

3.3. Мұражай жетекшілерінің шығармашылық бастамасын қолдау және дамыту, оқушыларды белсенді іздестіру және зерттеу іс-әрекеттеріне тарту, мектеп мұражайларының экспозицияларын толықтыру.

3.4. Оқушыларды Қазақстанның өткен тарихын белсенді зерделеу, мұражай және зерттеуге тартудың мүмкіндіктерін іске асыру үшін қолайлы жағдай жасау бойынша ұсынымдар әзірлеу.

3.5. Мектеп мұражайларының оқу үдірісімен өзара әрекеттестігін қарқындату, оқушылардың азаматтық және патриоттық сезімін, дәстүрлерімізге құрмет, Отанымыздың тарихы, мәдениеті мен жетістіктері үшін мақтаныш сезімін, сонымен бірге ел өміріндегі тарихи және саяси уақиғаларға шынайы баға беру қабілетін қалыптастыру.

4. Конкурс өткізудің шарты, мерзімі және тәртібі

4.1. Конкурсқа Павлодар облысының білім беру мекемелерінің мектеп мұражайлары қатыса алады.

4.2. Конкурс келісідей аталымдар бойынша жүргізіледі:

- *Мұражайдың үздік бейнеэкспурсоводы (конкурстың пандемия кезеңінде өтуіне байланысты мұражай экспонатын танымдық жағынан таныстыра білетін, ең қызықты мұражай гидін түсірген бейнероликті анықтау).*

- *Креативті мектеп мұражайы («Рухани жанғыру» бағдарламасының бір бағыты шеңберінде – қоғамдық сананы жаңғырту; қатысушылар өз мұражайын мүмкіндігінше инновациялық технологияларды қолданып, жаңа ракурсты анықтап, жаңа форматта көрсетуі тиіс).*

- *Туған өлкенің кейіпкері (туған өлкенің сағыс ардагері және тыл еңбеккерлері туралы мазмұнді және патриоттық өнеге аларлық әңгіме).*

4.3 Конкурс қатысушылары жұмыстарын барлық аталымдар бойынша көрсете алады, алайда бейнероликтер әр аталым бойынша бөлек және бағалау өлшемдерінің шарттарына сәйкес болуы тиіс.

4.4 Бейнематериалды бағалаудың өлшемдері: идеяның тұтастығы, шығармашылық ізденіс; жұмыстың өзгешелігі (сценарий мен сюжет); бірыңғай сюжеттік сызық; дыбыс (тілдің сауаттылығы мен анықтығы, сапалы музыкалық сүйемелдеу); ұзақтығы 3 минуттен аспауы тиіс.

4.5 Конкурс 2 кезеңмен өткізіледі:

- *Бірінші кезең: іріктеу (сырттай)*

Өтініштер (1 қосымша) және конкурстық жұмыстар 2021 жылдың 4-30 қаңтар аралығында мына мекенжай бойынша қабылданады: Павлодар қ., 1 Май көшесі 27, «М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы» КМҚК, 228 каб., немесе электрондық мекенжай: metototdelDSH@mail.ru

Бейнематериалға қосымша ретінде олардың растығын дәлелдейтін материалдар болуы мүмкін (фотосуреттер, мұрағат құжаттарының көшірмесі және т.б.). Бейнематериалда автордың аты көрсетіледі.

Конкурсқа жіберілген материалдарға пікір жазылмайды және олар қайтарылмайды.

Конкурстың қазылар алқасының құрамындағы Павлодар қ. ЖОО, БТДИО, «Өрлеу» БАҰО АҚ, облыстық мұражайлардың өкілдері 2021 жылғы 1–11 ақпан аралығында жіберілген материалдарды талдайды, бағалайды және жеңімпаздарды анықтайды.

- *Екінші кезең:*

Жеңімпаздарды марпаттау 2021 жылдың 17 ақпанда мына мекенжай бойынша өткізіледі: 1 Май көшесі 27, «М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы» КМҚК.

Конкурстың ережесі Оқушылар сарайының сайтында беріледі.

5. Конкурс қорытындысын шығару

5.1. Конкурста 1, 2, 3 орындарға ие болған қатысушылар дипломмен, мектеп мұражайының жетекшілері – алғыс хатпен марапатталады.

5.2. Жеңімпаздардың аттары Павлодар облысының білім беру басқармасы және М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының ресми сайтында жарияланады.

«Музей - связующая нить поколений» мектеп мұражайларының облыстық қашықтық конкурсына қатысуға өтініш

Білім беру мекемесінің толық атауы _____

Мұражайдың атауы _____

Мұражай жұмысының бағыты _____

Мұражайдың ашылған жылы _____

Мұражай басшысы (Т.А.Ә. толықтай, лауазымы) _____

Мұражайдың экскурсия жүргізушілері (тегі, аты толығымен, сыныбы)

Аталымдар (номинация) (сызу қажет):

- *Үздік мұражай бейнеэкскурсоводы*
- *Креативтік мектеп мұражайы*
- *ГТуған өлкенің кейіпкері*

Байланыс ақпараты (байланыс телефоны, электрондық мекенжайы)
